


Нурбаева



№42 (5073) сенбі,
25 қазан 2008 жыл

Газеті 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

Құрметті аудан тұрғындары!

25 қазанда біз Қазақстан Республикасының күнін атап өтеміз. Бұл мерекенің орны ерекше. Себебі ол ел Президенті Н.Назарбаевтың басшылығымен мемлекеттіміздің және Отанымыздың гүлденуінің символы.

Елбасының алдымызға қойған үлкен міндеттері Қазақстан халқын одан әрі біріктіріп, сол міндеттерді іске асыру экономика мен әлеуметтік салада, қоғамды демократияландыруда тамаша табыстарға қол жеткізіп, әлемдік қауымдастықта лайықты орынға ие болды.

Жүргізіліп жатқан реформалардың оң нәтижелері Нұра ауданының мысалынан да көрінеді. Жыл сайын әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық бағыттағы жаңа объектілер іске қосылып, жолдар жөнделіп, әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылып, халықтың әл-ауқаты көтеріліп келеді.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа сапалық, жоғары деңгейге көтерілуі үшін көптеген жұмыстарды атқаруға тура келеді.

Осы мақсаттарға жетудің жолын Мемлекет басшысы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты халыққа Жолдауында көрсетіп берді. Бұл Жолдауды аудан тұрғындары шын жүрекпен қабылдап, оны бұрнағы жылдардағыдай іске асыратынына, өздерінің лайық үлесін қосатынына сенім зор. Себебі, оның түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын жақсарту. Міне, осы біздің еліміздің тәуелсіздігін көрсететін негізгі мысал болмақ.

Мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті жерлестер!

Сіздерге және туыстарыңызға зор денсаулық, мол бақыт, барлық істеріңізге табыстар тілейміз.

Аудан әкімі

С.Шайдаров,

Аудандық Мәслихат хатшысы

Е.Туранов,

Уважаемые жители района!

25 октября мы отмечаем День Республики Казахстан – праздник, который среди других знаменательных дат занимает особое место, потому что он является символом возрождения нашей государственности и процветания нашей Родины под руководством Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева. Грандиозные задачи, поставленные Президентом страны, еще больше сплотили народ Казахстана, а их реализация позволила добиться впечатляющих успехов в экономике и социальной сфере, демократизации общества, занять достойное место в мировом сообществе.

Положительные результаты проводимых реформ наглядно видны и на примере Нуринского района. Ежегодно вводятся в строй новые объекты социального и культурно-бытового назначения, жилье, строятся и ремонтируются дороги, реализуются социальные программы, повышается благосостояние населения.

В то же время нам предстоит еще немало потрудиться для того, чтобы социально-экономическое развитие страны поднялось на качественно новый, более высокий уровень.

Пути достижения этой цели определены Главой государства в Послании народу «Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики». Оно нашло глубокий отклик у жителей района, и можно не сомневаться, что они, как и в предыдущие годы, внесут свой достойный вклад в реализацию этой грандиозной задачи. Ведь ее конечная цель – повышение жизненного уровня и благосостояния населения. А это и станет реальным подтверждением суверенитета нашей страны.

С праздником, дорогие земляки, с Днем Республики Казахстан!

Желаем вам и вашим близким крепкого здоровья, счастья и благополучия, успехов во всех делах и начинаниях.

Аким района

С.Шайдаров,

Секретарь районного Мәслихата

Е.Туранов.

Ризалық

Игі істерге халық риза.

Ауданымыздың 80 жылдық мерекелі мерей тойы халық игілігі үшін 8 игі істі іске асыру арқылы дүрілдеп өткені баршаға аян.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2008 жылғы дәстүрлі халыққа жолдауында ауыл, аудан, елді-мекен тұрғындарының келешегі мен болашағын алдын-ала болжап, ондағы инфрақұрылымдарды осы заманғы деңгейге жеткізудегі басылымдылықтарды көрсеткен еді. Осы іс-шараларды жүзеге асыруда, әсіресе «тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту, инфрақұрылымды, жергілікті маңызы бар жолдарды жақсарту барлық дәрежедегі әкімдердің бірінші кезектегі міндеті болып қалуға тиіс» - деп атап айтқан болатын. Олай болса ауданымыздың мерейлі тойын тойлап өтуге жылға жетпейтін мерзім қалғанда атқарылған сөз игі іс-тура ауданымызға жаңадан тағайындалып келген Сәрік Жаманқұлұлы Шайдаров мырзаның бастамашыл, іскерлік қызмет дағдысына байланысты деп ойлаймыз. Өйткені бұрын-соңды халықтың көзіне көрініп, ойына келмеген шаралар қаралайым жолмен іске асырылуы кімді болса да еріксіз ойландырады. Бұл қолда бар мүмкіншілікті барынша дұрыс пайдалана білудің нәтижесі екені сөзсіз. Бұған дәлел ауданымыздың 80 жылдық мерей тойының ашылуының салтанатты жиынында әкім сөйлеген сөзінде «2008 жылы аудан үшін мемлекеттен бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалану арқылы осы іс-шаралар алға қойған мақсаттар орындалды» деп та-

ныстырып, келешек болашақта да осындай игі істер болатынына халықты көміл сендірді.

Жалпы қолынан іс келетін, халық қамын ойлап, халыққа жақын болуға бейім әкімнің іс-әрекеті сырт көзге айдан анық байқалатыны таңқалдырады. Себебі, бұрынғы бұйығы жатқан кентте кенеттен жан біткендей: тұрғын үй салу, жолдарды жөндеу, әлеуметтік ғимараттарды қалпына келтіру, бірнеше субұрпақтар пайда болу, ұлттық мерекеміз Наурыз, басқа да мерекелерде киіз үй қалашықтарын құру жаңа өкіміміздің ұйымдастырушылық қабілеті, қызмет тәжірибесі мен іскерлік білімінің жоғарылығын көрсетеді. Ұйымдастырылған мәдени-спорттық іс-шара түрі, оларға қатысушы халыққа тартылған сый-сипат, маралаттаулардың өзі халықтың көңілінен шығып, белсенділігін арттырады.

Міне құрметті халайық! Осындай іскер басшыны мерейлі той қарсаңында бір Алладан ауданымызға тағайындап бергеніндей сөзілген халқымыздың дұрыс тілегінің қабыл болғаны деп пенделілікпен шүкіршілік ету керек. Сондықтан ел де, жер де өзіміздікі болғандықтан іскер басшыға ісіне сәттілік, өзіне мол денсаулық тілей келе, оны халық болып қолдап, қоршап, қолдан келген көмегімізді көрсету ауданның әрбір тұрғындарының парызы әрі міндеті болуы тиіс.

Сейіт Құдакелді, «Нұр Отан» ХДП-ның мүшесі, зейнеткер

Ермеу - Республика күні

Менің Қазақстаным

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған «Отан» деп сыбырлаған.
Жаным менің, Кеудемді жарып шық та,

Бозторғайы бол оның шырылдаған,- деген ұланымын, Қазақстан деген байтақ елдің түлегімін.

Адам үшін ең қымбат дүние – Отан. Отан дегеніміз адамның туып-өскен жері, туған-туыстарымен, туысқандарының бірге тұратын атамекені. Ал осы қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы. Жалпы, Республика дегеніміз прогрессивтік және демократиялық артықшылықтарымен сипатталатын, өзіндік Президенті, үкіметі, заң шығарушы органдары мен мемлекеттік рәміздері бар ел. Біздің Республикамыз да Кәрі Каспийден Алтай тауларына дейін созылып жатқан құс қанаты талатын ұлан - ғайыр кең өлкеде орналасқан ел.

Ақылгөй ата-бабаларымыздың алты алаштың азаттығын аңсаған арман-мұңы асыл мұраға айналып, аса бағалы қазына болып бізге жетті.

Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады,-

Деп тереңнен толғаған, желмая мініп, халқына жерұйық іздеген Асанқайғы бабамыз-дың:

Өзенге бие байлатып,
Төскейге орда орнатып,
Төрткілдеп ошақ қаздырып,
Төбел бие сойғызып,
Төменде бидің кеңесін,
Бізде бір құрар ма екенбіз,-

деп, ғажайып өршілдігімен жарқылдап өткен Ақтамберді жыраудың:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңкі-еңкі жер шалмай,
Ерлердің ісі бітер ме?-

деп, жырылап өткен, жасындай жарқылдаған Махамбет батырдың аяулы мұрат, асыл арманына қолымыз жеткен ұрпақымыз.

Бүкіл қазақ халқы 1991 жылдың 25 қазанында беркін аспанға атып қуанды. Себебі бұл күн Республикамыздың Тәуелсіздігі туралы декларациясы қабылданған күн. Бұл күн – аталарымыздың ғасырлар бойы аңсаған күні. Бұл күн – болашақ ұрпақтың басына бақ қонған күн. Бұл күн – қазақ халқы тарихындағы алтын әріптермен жазылған күн. Осы сәттерден бастап еліміз өзінің даму тарихында елеулі оқиғаларды бастан өткерді. Атап айтсақ еліміздің тәуелсіздігін ең алғаш Түркия Республикасы мойындады. БҰҰ-на мүшелікке қабылданды. Елімізде тұңғыш рет Ұлттық валюта қоры жасақталып, төл теңгеміз жарыққа шықты. Осы уақытқа дейін теңгеміз уақыт сынынан өтіп, тұрақталып, ел игілігіне қызмет етуде.

Бүгінде еліміз 130 ұлтар мен ұлыстардың тату-тәтті өмір сүріп жатқан мекені. Өлемде басқа бір де бір мемлекетте дәл біз секілді осыншама ұлттар мен ұлыстардың басын біріктіріп, тату-тәтті ғұмыр көшіп жатқан ел жоқ. Тұрақтылық орнаған мемлекетіміз өз тәуелсіздігін жариялағаннан бастап Елбасымыздың «Алдымен экономика, содан кейін саясат» деген ұстанымы арқасында көптеген экономикалық, дипломатиялық табыстарға жетті. Ел экономикасы жылдан-жылға дамып, өркендеуде. Біз оны күнделікті өмірден ақ көріп жүрміз. Жыл сайын Елбасы ұстанған саясат арқасында зейнетақы, әлеуметтік төлемдер өсуде. Осы жетістіктердің барлығы да еліміздің алғашқы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының арқасы.

Біз - бақытты ұрпақымыз. Менің ойымша, бақыт дегеніміз - еркіндік, яғни, рухыңның, жаныңның, тәніңнің қатыгездік пен қараулықтан, қулық пен надандықтан тәуелсіз болуы. Ал, жеке бір топтың, жеке бір адамның бақыты тұтас адамзаттың немесе халықтың, ұлттың еркіндігіне жүзеге аспасы – айдай ақиқат. Ендеше, тәуелсіз елдің азаматы болып отырған менің бақыттымын деп айтуым заңды.

Тәуелсіз Қазақстаннымыздың азаматтығын аялап, алақанда ұстау ұлан-байтақ жерге, ұлан-ғайыр байлыққа ие болу – тамырын тереңнен алатын тарихты ардақтаудан басталмақ. Тарихын, ерлікке толы сахара жұртының ғұмырын тасқа қашап қалдырып кеткен Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған бабаларымыздың асқақ рухы, асқақ батырлығы – бізге үлгі. Заманында әлем өркениетімен иық теңестірген, салтанатты шаһарларымыз, сәулетті кенттеріміз ерекше көз тартатын алып мемлекет болғанымыз біздің көкірегімізге ерекше мақтанш ұялатады. Болашақтың таңы жарқын. Кілтті – қолымызда. Сол кілттен XXI ғасырдың қасиетті өсігін ашып, бақытты болашақтың еңсесі биік, өзгелермен терезесі тең азаматы, маңдайы жарқыраған еркін елі боламыз.

Ендігі ұрпақтың мақсаты – мол біліммен қаруланып, кең-байтақ жерімізді теріс пиғылды басқыншылардан қорғау.

Тарихымыз бай, бүгінгіміз баянды, ертеңіміз жарқын болатынына көміл сенемін.


Қасенова Назерке
Киевка №2 қазақ орта мектебінің
10 сынып оқушысы.

**Аудандық «НУРА» газетін әр үйге!
Құрметті оқырмандар!**

Қыркүйек айының 15-нен бастап 2009 жылдың «Нұра» газетіне жазылу басталды. Жазылу бағасы бір жылға:
- жеке тұлғалар үшін -700 т.
- заңды тұлғалар үшін -1200 т.
- Ұлы Отан соғысының ардагерлері және Ауғанстан соғысына қатысқандар үшін 50% жеңілдік.

**Районную газету «НУРА» в каждый дом!
Уважаемые подписчики!**

С 15 сентября начата подписка на газету «Нұра» на 2009 год. Подписная цена на год составляет:
- для индивидуальных подписчиков – 700 т.
- для юридических лиц -1200 т.,
- для ветеранов Великой Отечественной войны и воинов-афганцев скидка 50%.



Завтра День Республики!

С днем рождения, Республика!

25 октября 1990 года депутаты бывшего Верховного Совета тогда еще Казахской ССР подписали Декларацию о государственном суверенитете республики. Без этого дня не было бы ни сегодняшнего всемирного признания республики, ни той продуманной Стратегии «Казахстан-2030», реализация которой сегодня приносит ощутимые плоды. Именно с этого дня Казахстан был провозглашен суверенным государством, которое «обладает правом выступать самостоятельным объектом международных отношений, определять внешнюю политику в своих интересах, участвовать в деятельности международных организаций.»

Декларация впервые закрепила за Казахстаном исключительное право собственности на природные ресурсы, экономический и научно-технический потенциал, а также предусматривала право приостанавливать законы СССР на территории республики, если они противоречили принципам заявленного суверенитета.

Спустя пять лет, в 1995 году, Президент РК Нурсултан Назарбаев своим Указом объявил 25 октября Днем республики, ставшим теперь одним из главных наших государственных праздников.

Эти годы суверенного существования республики вобрали в себя много самых разных событий: и радостных, и грустных. Но по-другому и быть не могло, ведь за этот короткий по историческим меркам срок Казахстан прошел путь, на который иные государства тратили десятилетия, а то и сотни лет.

Следует признать, история дала шанс всем бывшим советским республикам обрести независимость и суверенитет, однако насколько по-разному воспользовались они этим шансом! Не все политические элиты постсоветских государств оказались на высоте и сумели найти необходимый алгоритм политических и экономических преобразований. Забвение элементарных законов политики, форсирование событий и дешевый популизм обернулись в ряде случаев кровопролитием, гражданским противостоянием и, так называемыми, «цветными революциями».

Даже сейчас, по прошествии более полутора десятка лет, деятельность политических и экономических институтов разбалансирована, а формирование внутривнутриполитического мира и стабильности все еще остается недостижимой целью. В этом плане Казахстан выгодно отличается от своих партнеров по постсоветскому пространству. Первый Президент страны Нурсултан Абишевич Назарбаев, будучи опытным лидером, смог найти столь необходимый баланс между экономической и политической модернизацией, между внутренней и внешней политикой, между ближними и долгосрочными интересами страны. Это позволило ему провести государственный корабль сквозь рифы и ураганы, не отклоняясь от важнейших стратегических целей.

Во главу угла первый Президент поставил задачу создания прочного экономического фундамента, без которого любые демократические преобразования рискуют остаться поверхностными и нежизнеспособными. Сначала экономика, потом – политика, таким был лейтмотив президентского курса, и этот курс себя вполне оправдал. Ведомый сильной и уверенной рукой, Казахстан стал настоящим первопроходцем во многих актуальных вопросах рефор-

мирования экономики, создания современной банковско-финансовой, налоговой системы, жилищно-коммунального хозяйства, системы пенсионного обеспечения.

Не менее значимым был тот факт, что Президентом был взят курс на стратегическое планирование. Многие наши соседи по СНГ все еще жили одним днем, а в Казахстане, едва преодолевшем тяжелейшие экономические последствия разрыва прежних хозяйственных связей, уже разрабатывалась Стратегия «Казахстан – 2030». Все мы хорошо помним, сколько критических слов было высказано по данному документу как со стороны скептически настроенных зарубежных экспертов, так и со стороны политических оппонентов Президента. Однако, как показали дальнейшие события, данная стратегия доказала не только свою реалистичность и жизнеспособность, но и легла в основу целого ряда других документов концептуального характера.

Экономические успехи позволили приступить к новому этапу политической модернизации. В стране сформировались основные институты гражданского общества, в том числе политические партии и профсоюзы, независимые СМИ, а также многочисленные неправительственные организации. Сохранены условия для деятельности религиозных организаций, дальнейшего процветания всех этносов. В этом плане свою незаменимую роль играет созданный по инициативе Президента уникальный механизм гармонизации международных отношений и сохранения культурного многообразия – Ассамблея Народа Казахстана.

О международном признании опыта политических преобразований в Казахстане свидетельствует факт избрания страны председателем ОБСЕ на 2010 год. Наша республика в полной мере заслужила это право.

В одном из обращений к народу Н.А. Назарбаев сказал: «Сегодня Казахстан – это не просто страна с огромными возможностями, это страна, которая реализует эти возможности. Мы стали одним из 10 самых быстроразвивающихся государств в мире. Заработали сотни промышленных предприятий, десятки миллиардов тенге пошли на развитие села, которое прочно встало на ноги. У нас самые высокие темпы строительства жилья, открыты сотни новых школ и десятки новых больниц, создана самая надежная банковская и пенсионная системы. Наши люди уже забыли о задержках пенсий и заработной платы, а сами зарплата и пенсия постоянно повышаются».

В то время, когда вокруг звучат взрывы и автоматные очереди, когда гибнут дети и женщины, когда весь мир поражен терактами, в Казахстане царит мир и спокойствие. Это наша с вами заслуга. И это признано самыми выдающимися людьми в исламе, христианстве, иудаизме, буддизме, индуизме. Это признано Организацией Объединенных Наций. Трудно найти в современном мире такой пример взаимного уважения в многонациональной стране. Это величайшая ценность, и я искренне горжусь тем, что мы смогли стать таким примером.

Но жизнь не стоит на месте. Успокаиваться на достигнутом нельзя. Казахстан должен смотреть вперед.»

Подготовила Наталия Шевченко

НҰРА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2008 жылғы 19 қыркүйек № 14/08

Нұра ауданының Әділет басқармасында 2008 жылдың 21 қазанында № 8-14-83 тіркелді

Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 05/03 қаулысына өзгерістер енгізу туралы.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі «2008 жылы сәуір-маусым және қазан-желтоқсанда азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» (Қарағанды облысы Әділет Департаментінің Нұра ауданының Әділет Басқармасында 2008 жылдың 22 сәуірінде тіркелінген, мемлекеттік тіркеу нөмірі 8-14-69, 2008 жылдың 26 сәуірінде № 17 аудандық «Нұра» газетінде жарияланған) № 05/03 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Көрсетілген қаулымен бекітілген аудандық шақыру комиссияның құрамына Гизатуллин Фаниль Фануилұлы - аудан әкімі аппаратының азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманының міндеттерін атқарушысы, аудандық шақыру комиссия төрағасының орынбасары ретінде енгізілсін;

2) Аудандық шақыру комиссияның құрамынан Шалов Қайрат Мұхаметұлы - аудан әкімі аппаратының азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы шығарылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Зара Ахметжанқызы Даутоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

С. ШАЙДАРОВ

КЕЛІСІЛДІ

Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Қ.І. Әлеков
«19»09.2008 жыл
КЕЛІСІЛДІ
«Қарағанды облысының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Департаменті» мемлекеттік мекемесінің Нұра ауданы бойынша басқармасының бастығы Г.Қ. Досполова
«19»09.2008 жыл

КЕЛІСІЛДІ

Аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің бастығы Қ.Ш. Жолболдин
«19»09.2008 жыл

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА НУРИНСКОГО РАЙОНА

от 19 сентября 2008 года № 14/08

Зарегистрировано Управлением юстиции Нуринского района 21 октября 2008 года № 8-14-83

О внесении изменений

в постановление акимата района № 05/03 от 1 апреля 2008 года.

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении в Республике Казахстан» и с Законом Республики Казахстан от 8 июля 2005 года «О воинской обязанности и воинской службе» акимат района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Внести в постановление акимата района № 05/03 от 1 апреля 2008 года «О проведении призыва граждан на срочную воинскую службу в апреле-июне и октябре-декабре 2008 года» (зарегистрировано в Управлении Юстиции Нуринского района Департамента Юстиции Карагандинской области 22 апреля 2008 года, номер государственной регистрации 8-14-69, опубликовано в районной газете «Нұра» 26 апреля 2008 года № 17) следующие изменения:

1) в состав районной призывной комиссии, утвержденной указанным постановлением Гизатуллина Фаниль Фануилевича - исполняющего обязанности главного специалиста аппарата акима района по гражданской обороне и чрезвычайным ситуациям в качестве заместителя председателя районной призывной комиссии; 2) вывести из состава районной призывной комиссии Шалова Қайрата Мухаметовича - главного специалиста аппарата акима района по гражданской обороне и чрезвычайным ситуациям.

2. Контроль за исполнением данного постановления возложить на заместителя акима района Даутову Зару Ахметжановну.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его официального опубликования.

АКИМ РАЙОНА

С. ШАЙДАРОВ

СОГЛАСОВАНО
Начальник отдела внутренних дел Нуринского района К.И. Алеков
«19»09.2008 год
СОГЛАСОВАНО
Начальник отдела по делам обороны Нуринского района К.Ш. Жолболдин
«19»09.2008 год

СОГЛАСОВАНО
Начальник управления Государственного учреждения «Департамент государственного санитарно-эпидемиологического надзора Карагандинской области» по Нуринскому району Г.К. Досполова
«19»09.2008 год

Депутат мінбери

Талапты ерге нұр жауар

«Басқара алмаса ел азады, баптай алмаса жер тозады»- деген мақал өмір тәжірибесінен алынған шындық. Бұл жағдай бұрынғы «Нұра» совхозы, Изенді ауылының басынан кешкен өміріне тура келеді. Изенді ауылы «Нұра» совхозы болып құрылған жылдардың ішінде Нақан Әлібеков директор болып істеген уақытта біраз көркейіп өскен екен. Нақаннан кейінгі болған директорлар шаруашылықты дұрыс басқару жолын таба алмай, біріннен кейін бірі ауысып, шаруашылықты үлкен күйзеліске ұшыратқан. Ел тоз-тоз болып кеше бастап, иесіз қирап қалған үйлер көбейіп, ауылдың сұрқы қашты. Бір кездерде желілеп бие байлап, қоралап қой өсіріп отырған ауылдың бәрекесі кетті. Өзінің өскен ауылының көз алдында күйреп жатқаны елін, жерін сүйген салалы азаматтардың жанына жаман батты. Бұлар шаруашылықты дұрыс басқарып, қалпына келтіре алатын адам іздеп, мазаңызданып жүргенде кейбіреулер: «Енді шаруашылықты түзетіп, жақсарта алатын жол жоқ. Бәрі де құрдымға кетіп қурыды» - десті. Осындай қиын-қыстау тарт кезеңде 1990 жылы тәуекелге бел байлап, елдің азыл-тозыл бара жатқаны жанына жаман батып, Қанат Жариясұлы күйреп қалған шаруашылықты түзетпек болып қолына алды. Күндіз-түні дамып таппай еңбектенудің арқасында шаруашылықты түзетіп жүргізудің де жолын тапты. «Бітер істің басына, шебер келер қасына» дегендей ол үлкен шеберлік, іскерлік көрсетіп, күйзеліп қалған шаруашылықты қалпына келтіріп, қарағанды түзеп, қулағанды аяғынан тік тұрғызды.

Қазірде жігерлі маман Қанат Отарбаев басқарып отырған «Отқанжар» ЖШС-і республика көлемінде қазақтың құйрықты уяң жүнді қой тұқымын өсіріп, тарататын үздік асыл тұқымды мал зауыты болып саналады. 2004 жылы Қарағанды облысының «Үздік асыл тұқымды шаруашылық» номинациясы бойынша конкурс жеңімпазы атанып, 2006 жылы Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің «үздік шаруашылық» дипломымен марапатталды.

Күн өткен сайын шаруашылығы етек алып, өсе түсуде. Асыл тұқымды қарғалы қойының саны қазірде 16 мыңға жетті. «Отқанжар» ЖШС-і жыл сайын облыс көлемінде 2000 бас асыл тұқымды қой сатып тұрады. Егін алқабының

көлемі де жыл сайын ұлғайып келеді. 2007 жылы егін көлемі 3391 га болса, 2008 жылы 5010 гектарға жетті. Шаруашылықтың қой саласы болса да өсіп ілгерілеуде.

«Отқанжар» ЖШС- Изенді ауылының әлеуметтік тұрмыстық және мәдени-ағарту салаларының дамуына ұдайы көмек көрсетіп отырады. Шаруашылық есебінен ауылдың тазалығына, оны көгалдандыруға қолмақты қаржы бөлініп тұрады. Жыл сайын тазалықты сақтау үшін «Ең өдемі аула», «Керікті көше» номинациялары бойынша конкурс өткізіледі.

Ауылдық округте өткізілетін барлық айтулы күндер мен мерекелік іс-шаралар шаруашылықтың қолдауымен ғана өтеді. Атап айтқанда, 2007 жылы шаруашылықтың демеуімен және Қанат Жариясұлының жеке ұйымдастыруымен ауылда «Кітапханашылардың облыстық семинар-кеңесі» және «Інжу маржан» атты қазақтың дәстүрлі әндерінің аудандық фестивалі өтті. Көп балалы аналарға, зейнеткерлерге, жалғыз басты және тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына әрдайым материалдық және қаржылай көмек береді.

Ауылды көркейтеіп, жастарды тұрақтандыруға, олардың еңбек етулеріне және бос уақытын қолайлы өткізулеріне барлық жағдай жасалған. Осы мақсатпен 2004 жылы 7,5 миллион теңгеге мәдени-спорт кешені салынды. Сонымен қатар демалыс саябағы қалпына келтіріліп, жастардың жазғы би алаңы бүлдіршіндер үшін «Ақбота» ойын алаңы салынды.

Ауыл тұрғындарына таяуда салынған жанар май құю станциясы және наубайхана үлгілі қызмет көрсетуде. Осы жылы ауылда мешіт, тойхана және қымызхана құрылыстары басталды. Келесі жылы монша салу жоспарлануда. Ауыл бойынша Нұра ауданының 80 жылдық торқалы тойына тарту есебінде 8 иілікті іс қабылданды. Оның ішінде көш-қон мемлекеттік бағдарлама аясында «Елге ел қосылса құл» деген бастама көтеріліп, ауылға келген оралмандарды қоныстандыру мәселесі шешілді. Халықтың демографиялық өсімін ұлғайту мақсатында 2008 жылы туған жас нәрестелердің жергекпұлына 10000 теңгеден сыйлық берілетін болды. Бүгінгі күні ауылға 5 отбасы ҚХР-нан келіп қоныстанып, олардың жаңа туған б нәрестенің әрқайсына он мың теңгеден сыйлық берілді.

Қанат Жариясұлы өзі түлеп ұшқан алтын уя мектебіне де қамқорлық жасап келеді. 2007 жылы жалпы құны 4,8 млн. теңге тұратын интернат үйін салып, мектепке тарту етті. Бөлімшелер мен қыстақтардан балаларды апта сайын үйлеріне тасымалдау үшін 3,2 млн. теңгеге жаңа автобус сатып алды. Оқушыларды Отан сүйіштікке баулу мақсатында мектепте өткізілетін барлық шараларға да жәрдем көрсетіп тұрады.

Елдің қамын ойлап, халыққа қолайлы жұмыстарды шаруашылығын кейіннен түзеп келе жатқан Қанат түгелі байлығы тасып жатқан шаруашылық иелерінің бәрі бірдей атқара бермейді. Халықты қамқоршы болып, осыншама ауқымды жұмыстарды атқарып жүрген нағыз ер азамат Қанат кім? Енді соны түсіндірейік.

Қанат Жариясұлы Отарбаев 1958 жылы 25-қазан күні Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Кеңжарық ауылында дүниеге келді. 1975 жылы Жараспай орта мектебін бітіргеннен кейін еңбек жолын Нұра совхозында шопан болып бастады. 1976 жылы Целиноград мал шаруашылығы техникумына түсіп, осы оқу орнын 1979 жылы зоотехник мамандығы бойынша ойдағыдай бітірді. Осыдан кейін «Нұра» совхозында 1987 жылға дейін бөлімше зоотехнигі болып, абыроймен қызмет атқарды.

1987 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтына түсіп, 1991 жылы «Ғалым агроном» мамандығын алып шықты. 1991-1999 жылдар аралығында Нұра ауданының «Балықты» совхозында бас зоотехник қызметін атқарды.

1999 жылдан осы күнге дейін «Отқанжар» ЖШС-нің директоры болып істеп келеді. Отандық селекцияның жемісі болған «қазақтың құйрықты уяң жүнді қой тұқымын» шығаруға және оны дамытуға көп үлес қосқан білікті мамандардың бірі.

Еңбекке араласқаннан бері Қанат Жариясұлы қай салада, қандай қызметте болса да өзінің еңбеккерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен ауылшаруашылық өндірісінде көптеген жоғары жетістіктерге жетті. Соның нәтижесінде 2003 жылы 8 желтоқсандағы Елбасының жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Осыдан бөлек ер жылдары ауыл шаруашылығында жеткен жетістіктері мен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен

мәдениетін өркендетуге қосқан ерекше еңбегі, жоғары кәсіптік шеберлігі және қоғамдық өмірге белсене араласқаны үшін ауыл шаруашылық министрінің, облыс және аудан әкімдерінің көптеген Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттары және дипломдарымен марапатталған.

Үйленген. Бес бала тәрбиелеп өсірген отбасының ұйытқысы. әйелі- Отарбаева Нәсіп Шын-тебайқызы Изенді ауылында жеке кәсіпкер.

Қанат өзінің үй ішінде, жақын-жуық, құрбы-құрдастарын да үлкен қуанышқа бөлеп, елу жасқа толып отыр. Оның туған күні бүкіл республика халқы зор мақтанышпен жыл сайын тойлап келе жатқан Республика күніне 25 қазанға дәл келіп отыр. Біздің республикамыз еркіндік алған аз жылдың ішінде көркейіп өсіп, шаруашылығы дамып, өркендеп келеді. Біздің Қанатқа тілейтініміз мұның да шаруашылығы өркендеп өсіп, Отанға өз үлесін қоса берсін, абыройы аса түсіп, көздеген мақсатына, арманына жете берсін.

